

## Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 2-отырысының хаттамасы

05.01.2026ж

**Өткізілген орны:** АКТ залы

**Қатысқандар:** ППҚ мамандары, тәрбиешілер

### Күн тәртібінде:

1. Бірінші тоқсан бойынша ерекше білім беру қажет ететін балалардың даму динамикасын талдау.
2. Жеке түзету-дамыту бағдарламаларының орындалуын қарастыру.
3. Балалардың жетістіктері мен қиындықтарын анықтау.
4. Түзету жұмыстарына өзгерістер енгізу.
5. Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар нәтижесін талдау.

### Тыңдалды:

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 2-ші отырысын ППҚ төрайымы Бердаулетова Г.К ашты. Балабақшадағы бақылау нәтижелерімен таныстырып, ЕББҚ ететін тәрбиеленушілердің даму деңгейіне тоқталды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша психологы Далабай А.Б тәрбиеленушілердің жеке түзету-дамыту бағдарламалары бойынша даму деңгейін қарастырды. Балалардың эмоционалдық жағдайы мен мінез-құлқындағы өзгерістер туралы баяндады.

«Айгөлек» ересек тобының тәрбиеленушісі **Ермеков Н** 1-ші жарты жылдық бойынша жеке түзету-дамыту бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізілді. Балатәрбиеші мен педагог-ассистенттің жеке түсіндіруін талап етеді. Жалпы топқа айтылған нұсқауларды түсінбейді. Ауызша жауап қайтармайды, өзінің пікірін айтуда қиналады. Келесі жарты жылдықта түзету-дамыту бағдарламасы бойынша бейімдеудің жалғастырылуы туралы айтылды.

«Балдырған» ортаңғы тобының тәрбиеленушісі **Нұржанқызы А** 1-ші жарты жылдық жеке түзету-дамыту бағдарламасы бойынша қиындықтар кездесті, қошаған орта туралы түсінігі аз, сөздік қоры аз, өзінің пікірін айтуда қиналады.

Күн тәртібі екінші мәселесі бойынша дефектолог Кәдірбек Ж.С түзету сабақтарының нәтижесін айтты.

Балалардың сенсорлық қабылдауы, ұсақ және жалпы моторикасы, танымдық белсенділігі бойынша оң динамика байқалады. Дегенмен кейбір балаларда тапсырманы өз бетінше орындауда қиындықтар сақталған.

Тәрбиешілер балалардың оқу іс-әрекетіне қатысу белсенділігі артқанын, бірақ кейбір балалардың зейіні тұрақсыз екенін айтты.

Ата-аналармен кеңес беру жұмыстары жүргізілгені мен кейбір ата-аналардың белсенділігі төмен екені байқалды.

**Ұсыныс:**

1. Ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілерде жеке түзету-дамыту бағдарламаларың меңгеру деңгейі бақылауда болуы қажет;
2. Нейрожаттығулар мен артикуляциялық жаттуғуларды жүйелі енгізу.
3. Баланың жетістігін мадақтау арқылы мотивацияны арттыру.
4. Мамандар арасында тұрақты кері байланыс ұйымдастыру.

**Шешім:**

1. Балалардың дамуындағы оң динамика ескерілсін.
2. ЖТДБ бойынша түзету жұмыстары жалғастырылсын.
3. Зейін, есте сақтау, сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар көбейтілсін.
4. Ата-аналармен жұмыс белсенділігі арттырылсын.